



Құрметті студент!

2018 жылы «Гуманитарлық ғылымдар - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B020200	«Халықаралық қатынастар»	1. Дипломатиялық және консулдық қызмет 2. Халықаралық қатынастардың жаңа заман тарихы 3. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты 4. Көпжақты дипломатия

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
 1. Дипломатиялық және консулдық қызмет
 2. Халықаралық қатынастардың жаңа заман тарихы
 3. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты
 4. Көпжақты дипломатия
2. Тестілеу уақыты – 180 минут.
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;

- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;

- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға

қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Дипломатиялық және консулдық қызмет

1. Дипломатиялық қатынастар:

- A) Мемлекеттер арасындағы ерікті орнатылған ресми қатынастар
- B) Азаматтардың арасындағы сауда-меншіктік қатынастардың реттейді
- C) Заң кеңселерімен алмасуға құқық береді
- D) Халықаралық үдерістің бір жағының тілегі бойынша орнатылады
- E) Өзара келісім бойынша орнатылады
- F) Дипломатиялық өкілділіктер мен өкілдерімен алмасуға құқық береді

2. Дипломатиялық өкілдік:

- A) елдегі билікке қарсы топтардың қызметін үйлестіруші мекеме
- B) дипломатиялық өкіл басшылық ететін сыртқы қатынастарды жүзеге асыратын сыртқы істер министрлігінің шетелдік органы
- C) қабылдаушы елдің азаматтарын саяси иммунитетпен қамтамасыз ететін орган
- D) орналасқан елінің әлеуметтік-мәдени мәселесін шешетін мекеме
- E) діни миссиямен айналысатын мекеме
- F) қабылдаушы елдің жеке тұлғасын азаматтыққа қабылдайтын мекеме

3. Қабылдаушы мемлекетте дипломатиялық корпус:

- A) Қабылдаушы елдің Сыртқы істер министрі басқарады
- B) Дуайен басқарады
- C) Қабылдаушы мемлекетте тіркелген дипломатиялық миссиялардың мәселелерін тез арада шешуге мүмкіндік береді
- D) Одақтас елдердің саяси басшылығының билік органы
- E) Мемлекеттің әскери-саяси қызметін реттейді
- F) Сыртқы қатынастардың шетелдік органы
- G) Қабылдаушы елдің әлеуметтік саясатын реттейді

4. Халықаралық ұйымдар:

- A) Ұлтаралық келісім- пікір бірлестігіне жетуге арналған заңнамалық акт негізінде құрылған бірлестік
- B) Жеке тұлғалардың қоғамдық-экономикалық мүдделерін қорғау және өкілдігі мақсатымен құрылған бірлестік
- C) Жарғысы және бірлескен органдары бар және заң дәрежесіне ие мемлекеттердің қауымдастығы
- D) Көпжақты дипломатияның жоғары формасы
- E) Қызметіне байланысты, өндірісте, қызмет көрсету саласында, мәдениеттегі құқық субъектілерінің ерікті бірлестігі
- F) Халықаралық келісімдердің негізінде егеменді елдердің бірлестігі

5. 1963 жылғы Вена конвенциясы:

- A) БҰҰ-ның гуманитарлық құқықтар жөніндегі конференциясында қабылданды
- B) 1967 жылдың 9 наурызда күшіне енді
- C) 1964 жылдың 24 сәуірінде күшіне енді
- D) 1961 жылдың 18 сәуірде қабылданды
- E) БҰҰ-ның адам құқықтары туралы конференциясында қабылданды

6. Вестфаль бейбіт келісімшарты:

- A) XVIII ғасырдың екінші жартысында жасалды
- B) XVII ғасырдың бірінші жартысында жасалды
- C) 1698 жылы жасалды
- D) Дипломатиялық өкілдердің құзіреттілігін анықтады
- E) Келісімшарт орыс тілінде жасалды

7. Дипломатиялық «Түскі ас» қабылдауының ерекшеліктері:

- A) қабылдау қонақтарды отырғызусыз өтеді
- B) қабылдау сағат 20.00-де басталады
- C) қабылдау сағат 12.00-де басталады
- D) қабылдау сағат 17.00-де басталады
- E) қабылдау қонақтарды отырғызумен өтеді
- F) салтанатты киім

8. Арнайы мәселелер бойынша келісімдер мен конвенциялар жасау мен қабылдау мақсатында шақырылған халықаралық конференциялар:

- A) 1945 жылғы Потсдам конференциясы
- B) 1946 жылғы Париж бейбіт конференциясы
- C) 1943 жылғы Тегеран конференциясы
- D) 1972-1983 жж. БҰҰ теңіз құқығы жөніндегі конференциясы
- E) 1945 жылғы Біріккен Ұлттар Конференциясы
- F) 1982 жылғы космос кеңістігін зерттеу және бейбіт мақсатта қолдану жөніндегі БҰҰ Конференциясы
- G) 1945 жылғы Ялта конференциясы

9. Біріккен Ұлттардың Сан-Франциско Конференциясының мемлекет – өкілдері:

- A) КСРО
- B) Ұлыбритания және АҚШ
- C) Жапония және Корея
- D) Италия және Испания
- E) Франция
- F) Түркия
- G) Үндістан

10. Ратификациялауды қажет етпейтін халықаралық келісім:

- A) Саяси одақ туралы мемлекетаралық шарт
- B) Мемлекеттің аумақтық тұтастығын айқындайтын шарт
- C) Конвенция
- D) Ведомствоаралық әріптестік туралы келісім
- E) Пакт
- F) Үкіметаралық мәдени саладағы келісім
- G) Білім саласындағы келісім

11. Мемлекетаралық келісімшартты рәсімдеу сатылары:

- A) Уағдаласушы тараптардың қол қоюы
- B) Резолюция
- C) Ратификациялау
- D) Келіссөздер
- E) Имплементация
- F) Ротация

12. ҚР дипломатиялық қызметкерлерге берілетін дипломатиялық рангілер:

- A) II-сыныпты үшінші хатшы
- B) I-сыныпты үшінші хатшы
- C) I-сыныпты Кенесші
- D) II сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл
- E) Бірінші хатшы
- F) III-сыныпты кенесші
- G) Атташе

13. Қ.К. Токаевтың атқарған қызметтері:

- A) Халықтық-демократиялық «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары
- B) Қазақстан Республикасы қорғаныс министрі
- C) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы
- D) Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі Төрағасы
- E) Қазақстан Республикасы сыртқы істер министрі
- F) Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенат Төрағасы
- G) БҰҰ Бас хатшысының орынбасары

14. ҚР дипломатиялық қызметкерлерінің негізгі дипломатиялық дәрежелері:

- A) Референт
- B) I сыныпты Төтенше және Өкілетті Елші
- C) III сыныпты екінші хатшы
- D) I сыныпты үшінші хатшы
- E) I сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл
- F) II сыныпты екінші хатшы
- G) Дуайен

15. Дипломатиялық жұмыстың негізгі түрі болып табылатын аккредиттеу:

- A) Бір мемлекеттің белгілі бір тұлғасына басқа мемлекеттегі дипломатиялық өкілділігіне басшы болып елді танытуы үшін өкілдік беру үрдісі
- B) Француз тілінен аударғанда келісуді білдіреді
- C) Консулдың өкілеттілігін айқындайтын құжат
- D) Латын тілінде күмәнділікті білдіреді
- E) Халықаралық қақтығыстарды бейбіт негізде шешу әдісі
- F) Консулдық округтегі консулдың иммунитетін белгілейтін дәреже

16. Дипломатиялық сұхбаттар:

- A) Дипломаттың өз ұсынысы негізінде қабылдаушы елдің өкілімен өткізіледі
- B) Қабылдаушы елдің Сыртқы істер министрлігінің ресми шақыруы бойынша өткізіледі
- C) Дипломаттың жұбайының ұсынысы бойынша өткізіледі
- D) Дипломаттың жұбайының досымен өткізіледі
- E) Қабылдаушы елге келген туысының өтініші бойынша өткізіледі

17. Аса жоғары және жоғары дәрежедегі сапардың түрі:

- A) Халықаралық ұйымның ұсынысымен жүзеге асырылады
- B) Мемлекет басшыларының жеке бастамасымен анықталады
- C) Өзара келісім арқылы жүзеге асырылады
- D) Саяси қажеттілікпен анықталады
- E) Қатысушы мемлекеттердің бірінің шешімімен жүзеге асырылады
- F) Қатысушы мемлекеттердің геосаяси жағдаймен байланысы

18. Келіссөздерді жүргізуде сипатталатын принципіалды әдіс:

- A) Мақсат – кез келген жолмен жеңіске жету
- B) Қатысушы - достар
- C) Мақсат – рационалды шешім
- D) Объективті критерийлерді қолдану
- E) Қатысушы – серіктестер

19. «Топтама» тәсілінің мәні:

- A) Талқыланатын мәселе құрамына серіктес үшін қолайсыз немесе тиімсіз шешімді енгізу
- B) Келіссөз аяғында жаңа ұсыныстар қосу
- C) Шешімге серіктес үшін тартымды және аздап тиімді ұсыныстар енгізіледі
- D) Аздап мәні бар ұсыныстар барысында шегіну жолы арқылы негізгі ұсыныстарды қабылдау
- E) Талқылауға бірнеше ұсыныстар ұсынылады

20. «ҚР дипломатиялық қызмет туралы Заңына» сәйкес бірінші рет дипломатиялық қызметке түскен тұлғалар:

- A) Шетелдік сыртқы істер ведомствосына жұмысқа жіберіле алады
- B) Сыртқы істер министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінде бір жыл жұмысынан кейін ғана шетелдік мекемелерге жұмысқа жіберіле алады
- C) Алты айға дейін міндетті сынақ мерзімін өтейді
- D) Жұмысқа кіріскен кезден-ақ шетелдік дипломатиялық қызмет органдарына жұмысқа жіберіле алады
- E) Орнатылған мерзімнен бұрын немесе дәрежені беру кезегін сақтамай дәрежесін көтере алады
- F) Еңбекақы алмайды

21. АҚШ дипломатиялық қызметінің кадрлық саясатының ерекшеліктері:

- A) Карьерлік дипломаттардың жоғары пайызы
- B) Дипломатиялық қызмет – сыртқы саяси бағытты іске асыру құралының бірі
- C) Саяси тағайындаудың жоғары пайызы
- D) Дипломатиялық бағытты іске асырудағы басты ұстаным
- E) Кадрларды қатаң конкурстық іріктеу жүйесі

22. БҰҰ туының регламенті бойынша:

- A) БҰҰ туы – жасыл, Ұйымның эмблемасы көрсетілген
- B) Егер ұлттық тулар дөңгеленіп ілінсе, БҰҰ туы дөңгелек басында
- C) БҰҰ мүше-мемлекеттерінің ұлттық тулары орыс алфавиті бойынша ілінеді
- D) Егер ұлттық тулар дөңгелетіп ілінсе, БҰҰ туы дөңгелек ортасында
- E) БҰҰ мүше-мемлекеттерінің ұлттық тулары ағылшын алфавиті бойынша ілінеді

23. Мемлекеттік ту протоколы бойынша:

- A) Қонақ мемлекеттердің тулары геосаяси бірізділікпен жайғастырылады
- B) Бірнеше мемлекет туларының аспанға көтерілуі барысында өз мемлекет туы сол жақта болуы тиіс
- C) Қонақ мемлекет туына құрметті орын беріледі (флагштоктың оң жағы)
- D) Қонақтарды қабылдайтын мемлекеттің туы әрқашан құрметті орында жайғастырылады
- E) Тулар жекелеген флагштоктарда көтеріледі және әртүрлі деңгейде жайғастырылады
- F) Бірнеше мемлекет туларының аспанға көтерілуі барысында өз мемлекет туы оң жақта болуы тиіс

24. Алдын алу дипломатиясы:

- A) Бұл тараптар арасындағы туындайтын дау-таластарды ескертуге бағытталған әрекет
- B) Бастамасы Францияға тиесілі
- C) Бұл тараптардың бірінің қызығушылығын қозғауға бағытталған әрекет
- D) Үстемдікті орнатуға бағытталған шаралардың орындалуын ойластырады
- E) Сенімділікті орнатуға бағытталған шаралардың орындалуын ойластырады

25. Баспасөз-брифингтің баспасөз-конференциядан айырмашылығы:

- A) Бір ғана сұраққа арналады, біржақты сипатқа ие ақпарат хабарланады
- B) Ресмилік жоғары деңгейге ие, ұзақ дайындықты қажет етеді
- C) Үлкен саяси резонансқа ие
- D) Көпшілікке таныс жаңалық жеткізіледі, тілшілердің сұрақтарына жауап беріледі, түсініктеме жасалады
- E) Таныстыру бөлімі болмайды, қысқаша ақпарат ұсынылады
- F) Ресмилік аз сипатқа ие
- G) Шараның мерзімі 2-3 сағатқа созылады

**Дипломатиялық және консулдық қызмет
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Халықаралық қатынастардың жаңа заман тарихы

1. XVI-XVII ғ. мемлекеттік идеяны қалыптастырды:

- A) Н.Макиавелии
- B) Геродот
- C) Ж.Руссо
- D) Аристотель
- E) Т.Гоббс
- F) Д.Дидро
- G) II Николай

2. XIX ғасырдың басында Иранды иемдену үшін күресті:

- A) Франция
- B) Түркия
- C) Англия
- D) Италия
- E) Польша

3. XVIII ғ. Американдық революция кезеңінде Англиямен соғысқа кірген мемлекет:

- A) Австрия
- B) Польша
- C) Ресей
- D) Испания
- E) Голландия

4. XVIII ғасырдың соңындағы Польшаның екінші және үшінші рет бөлінуіне қатысқан мемлекеттердің бірі:

- A) Англия
- B) Финляндия
- C) Пруссия
- D) Австрия
- E) Швеция

5. 1815 жылы Вена конгресінде жетекші рольге ие болған мемлекеттер:

- A) Франция
- B) Австрия
- C) Бавария
- D) Түркия
- E) Англия
- F) Швеция
- G) Саксония

6. 1848 ж. 6 сәуірде прусс әскерлеріне қарсы Дания көмек сұрады:

- A) Италиядан
- B) Швециядан
- C) Германиядан
- D) Голландиядан
- E) Франциядан
- F) Англиядан
- G) Испаниядан

7. 1818 ж. Аахен конгресіне қатысқан монархтар:

- A) I Наполеон
- B) I Франц
- C) II Генрих
- D) I Александр
- E) Меттерних
- F) III Фридрих Вильгелм
- G) II Наполеон
- H) I Петр

8. 1833 ж. 9 мамырда Кютахьеде Египет патшасы Мұхамед-Әли айырылды:

- A) Сириядан
- B) Палестинадан
- C) Ливиядан
- D) Киликиядан
- E) Мысырдан
- F) Тунистен

9. XVIII ғ. соңы - XIX ғ. басында «Шығыс мәселесінде» орын алған оқиғалар:

- A) Балқан түбегіндегі жергілікті халықтың тәуелсіздікке қол жеткізуі
- B) Осман империясы Еуропа мемлекеттерінен тәуелсіз болды
- C) Осман империясының ыдырауы
- D) Осман империясының қайта құрылуы
- E) Балқан түбегі халықтарының азаттық күресі
- F) Еуропалық мемлекеттердің түрік иеліктерін бөліске салу үшін күресі

10. XV-XVII ғ.ғ. Оңтүстік Манжурия Қытай жерлерінің қатарына енгеннен кейінгі салынған құрылыс орындары:

- A) Көпірлер
- B) Қоныстар
- C) Сауда қалалары
- D) Фабрикалар
- E) Қамалдар

11. 1855 ж. орыс-жапон келісіміне сәйкес орыс кемелері үшін ашылған айлақ:

- A) Киото
- B) Хиросима
- C) Хакодатэ
- D) Симоносеки
- E) Симода
- F) Канагава
- G) Осака

12. XVIII ғ. аяғы – XIX ғ. басында қазақ жерлерінің басым бөлігі жауланды:

- A) Грузиямен
- B) Армениямен
- C) Қоқан хандығымен
- D) Хиуа хандығымен
- E) Бұқара хандығымен

13. XVII ғ. Ост-Үнді компанияларын құрды:

- A) АҚШ
- B) Франция
- C) Қытай
- D) Англия
- E) Голландия
- F) Ресей
- G) Жапония

14. XIX ғ. 40-50 жж. американдық экспансия тарады:

- A) Батыс Еуропаға
- B) Ресейге
- C) Шығыс Азияға
- D) Тынық Мұхитына
- E) Шығыс Еуропаға
- F) Орталық Азияға

15. XIX ғ. АҚШ-қа жерлерін сатқан мемлекеттер:

- A) Испания
- B) Голландия
- C) Пруссия
- D) Мексика
- E) Швеция
- F) Австралия

16. XIX ғасырдың ортасындағы Италиядағы либералдық ағымның басты мақсаттарына енетін идея:

- A) Елді «төменнен» біріктіру
- B) Сардинияға Ломбардия, Венеция мен Орталық Италияны қосу
- C) Әлеуметтік реформаларды іске асыру
- D) Австриялықтарды қуып шығу үшін Францияны тарту
- E) Елді революциялық жолмен біріктіру
- F) Елді бейбіт жолмен «жоғарыдан» біріктіру

17. Пруссия канцлері О.Бисмарктың еңбегі:

- A) Германияны дипломатиялық жолмен біріктіргендігінде
- B) Германияны «ұлыгермандық» жоспар бойынша біріктіргендігінде
- C) Германияны «легитимизм» принципі бойынша біріктіргендігінде
- D) Германияны «қан мен темір» арқылы біріктіргендігінде
- E) «Неміс буржуазиясының еркін оның ырқына қарамай орындағандығында»

18. Француздық сыртқы саясатта болашақ одақтасы ретінде Ресейді таныған қайраткерлер мен ағартушылар:

- A) Д. Дидро
- B) М.-Ф. Вольтер
- C) Ш. Монтескье
- D) А.М. Горчаков
- E) Л.А. Тьер
- F) О. Бисмарк

19. 1875-1878 жж. Балқан дағдарысын реттеуге белсенді қатысушы:

- A) Андраши
- B) Гладстон
- C) Меньшиков
- D) Горчаков
- E) Кавур
- F) Рузвельт

20. 1901 ж. Қытаймен жасалған Қорытынды хаттамаға сәйкес:

- A) Қытайға қару-жарақ саудасына рұқсат етілді
- B) Англия Қытайдан өз әскерін әкетті
- C) Қытайға екі жыл бойы қару-жарақ әкелуге тиым салынды
- D) Ресей өз әскерін Қытайдан әкетті
- E) Қытай 450 миллион таэль контрибуция төледі
- F) Қытай тәуелсіз елге айналды

21. Италияның XIX ғ. 70 жж. негізгі сыртқы саяси мақсаттары:

- A) Ватиканмен одақ орнату
- B) Жерорта теңізінде өз бақылауын орнату
- C) Ресеймен қатынастарды реттеу
- D) Франциямен қатынастарды реттеу
- E) Англия көмегімен Жерорта теңізіндегі тепе- теңдікті қамтамасыз ету

22. Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Италияның жоспары:

- A) Тироль, Триест, Албанияны өзіне бағындыру
- B) Гибралтарға өз бақылауын орнату
- C) Балқандағы өз саяси және әскери үстемдігін орнату
- D) Африкадағы отарлық иеліктерді қайта бөлу
- E) Жерорта теңізі бассейнінде өз гегемониясын орнату

23. 1913 ж. Бухарест бітімі бойынша:

- A) Ресей – Македонияны алды
- B) Сербия - Македонияның болгарлық аймағын алды
- C) Түркия – өзінің бейтараптылығын жариялады
- D) Грекия – Оңтүстік Добруджадан айырылды
- E) Болгария - өзінің барлық иеліктерін сақтап қалды
- F) Грекия – Солоникамен бірге Македонияның оңтүстігінен бөлек батыс Фракия бөлігін алды
- G) Румыния - Оңтүстік Добруджаны иемденді

24. 1914 ж. 23 тамызында Жапония Германияға соғыс жариялап, басып алды:

- A) Тынық мұхиттағы аралдарды
- B) Токио қаласын
- C) Киао- Чаоны
- D) Сунин темір жолын
- E) Фукусима қаласын
- F) Жапонияның сол кездегі астанасын
- G) Циндао мен Цзинань-фу темір жолдарын

25. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі Шығыс майдандағы негізгі оқиғалар:

- A) Болгария мен Түркияның капитуляциясы
- B) Компьен орманында Германиямен бітімге қол қойылуы
- C) Герман әскерлерінің Бельгия мен Францияға басып кіруі
- D) Ресейдегі Қазан әскери көтерілісі
- E) Шығыс Пруссиямен Галицияда орыс әскерлерінің шабуылы
- F) Брест бітімінің қабылдануы
- G) Шығыс майданының ыдырауы

**Халықаралық қатынастардың жаңа заман тарихы
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты

1. 1994 ж. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі, қауіпсіздігі мен территориялық тұтастығына кепіл беру туралы Меморандумға қол қойған мемлекеттер:

- A) Иран
- B) Бразилия
- C) Үндістан
- D) Ұлыбритания
- E) АҚШ
- F) Ресей

2. 1992 ж. ядролық қарудың таралмауы туралы келісімге қосылу туралы Лиссабон хаттамасына қол қойған посткеңестік кеңістік елдері:

- A) Өзбекстан
- B) Молдова
- C) Украина
- D) Әзірбайжан
- E) Беларусь
- F) Қазақстан

3. 1998 ж. ЕҚЫҰ төрағасы Б. Гермектің Орталық Азиядағы сапары барысында аймақта ұйымның орталықтарын ашу туралы шешім қабылданды:

- A) Ашхабадта
- B) Бішкекте
- C) Астанада
- D) Душанбеде
- E) Ташкентте
- F) Семейде
- G) Самарқанда

4. Экономикалық ынтымақтастық Ұйымының негізін қалаған мемлекеттер:

- A) Пәкістан
- B) Қазақстан
- C) Ауғанстан
- D) Түркия
- E) Өзбекстан
- F) Иран
- G) Тәжікстан

5. ШЫҰ аясындағы ынтымақтастықтың негізгі бағыттары:

- A) Ақпарат технологиялар саласы
- B) Қоршаған ортаны қорғау саласы
- C) Космосты игеру саласы
- D) Экономикалық ынтымақтастық
- E) Мәдени және гуманитарлық

6. 1992 жылы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қосылмаған мемлекеттер:

- A) Украина
- B) Молдова
- C) Тәжікстан
- D) Армения
- E) Қырғызстан
- F) Түрікменстан

7. 1995 ж. посткеңестік кеңістікте құрылған Кеден Одағының негізін салған елдер:

- A) Қазақстан
- B) Тәжікстан
- C) Ресей
- D) Өзбекстан
- E) Беларусь

8. 1994 жылы Шолпан-Атадағы кездесуде Біртұтас экономикалық кеңістікті құруға қол жеткізген мемлекеттер:

- A) Қырғызстан
- B) Қазақстан
- C) Өзбекстан
- D) Тәжікстан
- E) Ресей

9. 2001 ж. Украина премьер-министрі В. Ющенконың Астанаға сапары кезінде қол жеткізілген уағдаластықтар:

- A) экономикалық саладағы ынтымақтастықты тереңдету
- B) мұнай-газ саласындағы ынтымақтастықты арттыру
- C) ядролық қарудың қалдықтарын бірігіп жою
- D) украиндық ауылшаруашылық техникаларын лизингтік негізде Қазақстанға жеткізу
- E) мәдени саладағы ынтымақтастықты дамыту

10. Президент Н.Ә. Назарбаевтың 1999 ж. Украинаға жасаған сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтар:

- A) Еуропалық Одаққа мүше болуға ұмтылыс жасау
- B) Әскери саладағы ынтымақтастықты жеделдету
- C) Кеден саласындағы және Қаржы министрліктері арасындағы ынтымақтастық
- D) Ресейдің экономикалық және геосаяси ықпалын тежеу
- E) НАТО-мен ынтымақтастықты арттыру
- F) Қазақстан территориясында әскери базалар ашу мүмкіндігі

11. 2008 ж. Өзбекстан президенті И. Кәрімовтың Қазақстанға жасаған ресми сапары барысында қол жеткізген уағдаластықтар:

- A) Орталық Азиялық банк құру
- B) Мұнай-газ саласындағы ынтымақтастықты арттыру
- C) Тең негіздегі бизнес орталықтары мен сауда өкілдіктерін ашу
- D) Аймақта ядролық қарудан азат зона құру
- E) Терроризм қауіпіне бірігіп қарсы тұру
- F) Орталық Азиядағы интеграцияны жеделдету

12. Қазақстанның Өзбекстанға экспорттайтын негізгі тауарлары:

- A) астық және азық түлік тауарлары
- B) қара және түсті металл
- C) уран
- D) құс еті
- E) ірі қара мал еті

13. 2005 ж. Қазақстан мен Әзірбайжан арасында жасалынған стратегиялық әріптестік пен одақтастық қатынастар туралы келісіммен қатар қол жеткізілген уағдаластықтар:

- A) Білім саласындағы ынтымақтастық
- B) Есірткі саудасына, терроризмге және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес
- C) Ғылым саласындағы ынтымақтастық
- D) Университеттер арасында студенттермен алмасуды дамыту
- E) Каспий теңізіндегі браконьерлікке қарсы бірігіп күрес жүргізу
- F) Кедендік комитеттер арасындағы ынтымақтастықты дамыту
- G) Халықты әлеуметтік жағынан қорғау

14. 1993 ж. Үндістан премьер-министрі Н. Раоның Қазақстанға сапары барысында үнді тарапы қазақстандық кадрларды төмендегі салалар бойынша тағылымдамадан (стажировка) өткізуге келісті:

- A) азаматтық авиация
- B) дипломатия
- C) әскери және қауіпсіздік
- D) ақпараттық қауіпсіздік
- E) ғарышты игеру
- F) кен өндірісі

15. 1996 ж. Президент Н.Ә. Назарбаевтың Иранға жасаған ресми сапары барысында талқыланған негізгі мәселелер:

- A) Ақтау-Баку-Мешхед мұнай құбырын салу
- B) Иран порттары арқылы Қазақстан тауарларын әлемдік нарыққа шығару
- C) Ядролық бағдарламаны дамытуда ынтымақтасу
- D) Мұнай кен орындарын игеру
- E) Сауда, өнеркәсіп және білім-ғылым салаларындағы ынтымақтастық

16. 1994 ж. Стамбулда өткен түркі тілдес мемлекеттер басшыларының кезекті саммитінде талқыға түскен басты халықаралық жанжалдар:

- A) Тәжікстан және Ауғанстан
- B) Пәкістан және Үндістан
- C) Палестин-Израиль
- D) Қарабақ
- E) Тайвань
- F) Солтүстік Кавказ
- G) Руанда

17. 1997 ж. Президент Н.Ә. Назарбаев Парсы шығынағындағы араб мемлекеттеріне жасаған сапары барысында төмендегі елдердің порттарын пайдалану мүмкіндігіне қызығушылық білдірді:

- A) Кувейт
- B) Палестина
- C) Йемен
- D) Біріккен Араб Әмірліктері
- E) Ирак
- F) Оман
- G) Бахрейн

18. Сауд Арабиясынан Қазақстанға экспортталатын негізгі тауарлар:

- A) химиялық және минералды өнімдер
- B) бағалы тастар
- C) мұнай өнімдері
- D) жеміс-жидек
- E) машина және электр жабдықтары
- F) теңіз тағамдары
- G) газ

19. Қазақстан мен Канада екі жақты ынтымақтастықты төмендегі көпжақты халықаралық ұйымдар шеңберінде дамытты:

- A) Еуропалық Одақ
- B) Азия-Тынық мұхиты экономикалық кеңесі
- C) ЕҚЫҰ
- D) ТМД
- E) НАТО
- F) ГУАМ

20. Қазақстан Бразилияға экспортайды:

- A) Киім
- B) Қара металдар
- C) Автомобильдер
- D) IT-технологияларды
- E) Сүт өнімдері

21. Еуропалық Одақтың Қазақстанмен саяси ынтымақтастығының ерекше маңызға ие болуы төмендегі факторлармен байланысты:

- A) Жетекші державалар арасындағы Орталық Азиядағы «Үлкен ойындарға» жол бермеу
- B) Қазақстандағы тоталитарлық жүйенің қалдықтарын жойып, диктатураның орнауына енді жол бермеу
- C) Қазақстан мен Орталық Азия аумағында Ресейдің үстемдігінің қайтадан орнауына жол бермеу
- D) Каспий өңірінің энергетикалық ресурстарына толық өз монополиясын орнатуға ұмтылыс
- E) Қазақстан мен Орталық Азия елдерін Ресеймен етене жақындасуына жол бермеу
- F) Қазақстанды саяси және қауіпсіздік саласында конструктивті әріптес ретінде қарастыру

22. 1990-шы жж. Қазақстан мен Австрия арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық негізделген құжаттар:

- A) әуе қатынастары туралы келісім
- B) екі жақты мемлекеттік қарым-қатынастар туралы Декларация
- C) металлургия және тау-кен ісі саласындағы ынтымақтастық келісімі
- D) аграрлық саладағы ынтымақтастық туралы келісім
- E) энергетика саласындағы ынтымақтастықтың негіздері

23. Президент Н.Ә. Назарбаев жаһандық және аймақтық қауіпсіздіктің негізгі қағидаларын төмендегідей белгіледі:

- A) Қауіпсіздік жүйесі өзара сенім, мәміле және компромисске негізделуі тиіс
- B) БҰҰ-ның әскери рөлін арттыру
- C) Ресейдің әскери қуатына негізделуі тиіс
- D) Қытай мен Ресейдің қамқорлығына өту
- E) Әскери-саяси одақтар мен блоктарды толығымен жойып, тарату
- F) Батыстың экспансиясына қарсы қалған мемлекеттер өзара бірігуі тиіс

24. 1997 ж. Азиядағы Өзара Ықпалдастық және Сенім Шаралары жөніндегі Кеңесіне мүше-мемлекеттердің аймақтық қауіпсіздікке қатысты қабылдаған негізгі принциптері:

- A) сепаратизм, экстремизм және терроризмге қарсы бірігіп күресу
- B) барлық келіспеушіліктер мен жанжалдарды тек келіссөздер арқылы шешу
- C) сыртқы қауіп-қатерлерге қарсы ортақ әскери іс-қимыл орталығын құру
- D) алпауыт державалар арасындағы қайшылықтарға қосылмау
- E) мемлекеттердің әскери күшті қолдану құқығын мойындау
- F) барлық мүше-мемлекеттердің егемендігін құрметтеу және территориялық тұтастыққа кепілдік беру
- G) бір-бірінің ішкі істеріне араласпау

25. 1998 ж. Президент Н.Ә. Назарбаевтың Мәскеуге сапары барысында Қазақстан мен Ресей арасында Каспий мәселесіне қатысты келісім жасалынды:

- A) Теңіздің барлық бөлігі мен қабаттарын ұлттық секторларға бөлу
- B) Теңіздің солтүстік бөлігінің қойнауын бөлу
- C) Балық шаруашылығы мен қоршаған ортаның қорғаудың нормалары
- D) Теңіздің құқықтық мәртебесін толық шешу үшін БҰҰ мен өзге де халықаралық ұйымдарды делдал ретінде шақыру
- E) Бес мемлекет арасында 20 пайыздан теңдей бөлісу
- F) Теңіздің 35 пайызы Ресейге, 35 пайызы Қазақстанға тиесілі болады
- G) Өзге жағалаудағы мемлекеттермен бірге теңіздің қойнауын бөлу, бірақ теңіздің беткі қабаты ортақ пайдалануда болуы тиіс

**Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Көпжақты дипломатия

1. «Қасиетті одақтың» ерекшеліктері:

- A) монархистік тәртіпті жоюға бағытталды
- B) одақ мүшелерінің міндеттері нақты белгіленген болатын
- C) революцияларға қарсы болды
- D) католиктік монархтардың одағы болды
- E) монархистік тәртіпті сақтауға бағытталды

2. Халықаралық қатынастарда жаңадан пайда болған «мессияларға» қарсы тұру деңгейлері:

- A) Латын Америкалық деңгей
- B) Ресейшілік деңгей
- C) Мысырлық деңгей
- D) Африкаішілік деңгей
- E) Қытайішілік деңгей

3. Халықаралық үкіметтік емес ұйымға жатады:

- A) Интерпол
- B) ЮНЕСКО
- C) ЮНИДО
- D) ОПЕК
- E) БҰҰ
- F) Азияның Тынық мұхит экономикалық ынтымақтастығы

4. 1919 жылғы 28 маусымда Версаль шарты бойынша Германиядан мандаттық жүйе бойынша алынған жерлер мен оларға ие болған мемлекеттер:

- A) Сирия мен Ливан - Францияға
- B) Габсбургтердің иеліктері - Аустрияға
- C) Эльзас пен Лотарингия - Францияға
- D) Познань мен Померания - Польшаға
- E) Саар облысын - Ұлттар Лигасына 15 жылға

5. БҰҰ тарихында Бас Хатшылық қызметінде болған тұлғалар:

- A) У. Черчилль
- B) Вудро Вильсон
- C) Гамаль Абдель Насер 1956-1962 жж.
- D) Кофи Аннан (Гана) 1997-2007 жж.
- E) Георгий Чичерин 1918-1930 жж.
- F) Вячеслав Молотов 1911-1912 жж.

6. Азаматтық және саяси құқықтар туралы пактіге сай мемлекеттердің міндеттемесіне:

- A) азаматтық алуға тыйым салмау
- B) жасы толмаған азаматтарға қолдау көрсету құқығын қорғау
- C) өз дініне сену мен оның рәсімдерін орындауға тыйым салмау
- D) діні мен тілдік азшылығына, этникалық құрамына қарамастан бас тартпау
- E) өзінің тобының басқа мүшелерімен өз мәдениетін дамытуға рұқсат беру

7. Әйелдердің жағдайы жөніндегі комиссия жобалары негізінде БҰҰ қабылдаған құжаттар:

- A) Халықаралық әйелдердің демократиялық федерациясы
- B) Әйелдердің саяси құқықтары туралы конвенция
- C) Бала құқығының концепциясы
- D) Азаптауға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қорлайтын жазалау түрлеріне қарсы концепция
- E) Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенция
- F) Тұрмыстағы әйелдердің азаматтығы туралы конвенция

8. Хельсинкиде көпжақты үдерістің формальды даму бастамасының уақыты:

- A) 1972 ж
- B) 1978 ж
- C) 1977 ж
- D) 1975 ж
- E) 1971 ж
- F) 1976 ж
- G) 1973 ж

9. Хельсинки қорытынды актының әскери салада бекіткен принциптері:

- A) ядролық сынақтар туралы алдын-ала ескерту
- B) ядролық соғысты болдырмау
- C) қару-жарақ жарысын тоқтату
- D) жаттығулар мен маневрлер туралы алдын-ала ескерту
- E) әскери жаттығуларда бақылаушылардың болуы

10. Келіссөзге дайындықтың негізгі кезеңдері:

- A) Кездесудің уақыты мен жерін таңдау
- B) Қатысатын мемлекеттер санын анықтау
- C) Саммит тақырыбына мақала беру
- D) Кездесудің мәзірін таңдау
- E) Келбетті даярлау
- F) Күн тәртібіндегі мәселені анықтау
- G) Қонақтар тізімін таңдау

11. Еуропалық Одақ мүшелеріне қойылатын экономикалық талаптар:

- A) Бюджет дефициті ЖІӨ-нің 3 пайызынан аспауы тиіс
- B) Мемлекет ұлттық валюта бағамын жасанды түрде қолдамауы тиіс
- C) Инфляция деңгейі Одақ мүшелерінің арасындағы ең тұрақты бағалары бар үш мемлекеттің орташа көрсеткішінің 1,5 пайызынан аспауы тиіс
- D) Мемлекет 4 жыл бойы валюта бағамдарының механизмдеріне қатысуы тиіс
- E) Инфляция деңгейі Одақ мемлекеттерінің орташа көрсеткішінен 15 пайызға артық болуы тиіс
- F) Мемлекеттік облигациялардың ұзақ мерзімді ставкасы инфляциясы жоғары мемлекеттердің орташа деңгейінің 5 пайызынан аспауы тиіс

12. Халықаралық келісім-шартты қабылдау формалары:

- A) парафирлеу
- B) ратификация
- C) пролонгация
- D) қосылу
- E) визалау
- F) денонсация

13. Келіссөздер нәтижелі өту үшін сақталынатын қағидалар:

- A) Өзара құрмет
- B) Геноцид
- C) Өзара бәсекелестік
- D) Компромистен бас тарту
- E) Егемендік
- F) Жеке пайданы көздеу
- G) Мемлекеттерді менсінбеушілік

14. Халықаралық конференциядағы маңызды процедуралары:

- A) мақсатты анықтау, алдын ала келісіп алу
- B) бастамалар, күн тәртібі
- C) басты қағида, талап
- D) міндеттерді қою, шешу жолын таңдау
- E) ұсыныс, алғы сөз

15. Халықаралық конференциялар құқықтық институт ретінде, халықаралық ұйымдармен бірге ортақ белгілері:

- A) дайын құжаттарды аударып, пошта арқылы тасымалдайды
- B) конференцияға қатысушы мемлекеттер орнатқан негізгі ережелерге бағынады
- C) құжаттар әзірленіп, мемлекет өкілдерінің кездесулерін ұсынады
- D) құжаттарды әзірлеп, аударма мен көшірме жасап оны таратады
- E) конференцияға қатысушыларды күтіп, сыйлық табыстайды
- F) конференцияның қызметін қамтамасыз ету үшін жұмысшы органдарын құрады (комитеттер, комиссиялар)
- G) мемлекет басшыларымен бірлесе келе, ортақ бір орган құрады (комитеттер, комиссиялар)

16. Әлемде туындаған экологиялық дағдарыстың негізгі белгілері:

- A) Жердің, ауа және су бассейнінің ластануы
- B) Қалдықтар көлемінің азаюы
- C) Судың көбеюі
- D) Ормандардың көбеюі
- E) «Қышқылды жауындардың» өзен мен көлдерді лақтауы
- F) Жарамсыз жерлердің азаюы
- G) Өндірістің азаюы

17. Мортон Каплан бойынша халықаралық акторлардың түрлері:

- A) Ішкі жүйелер
- B) Жергілікті билік органдары
- C) Әлемдік ұйымдар
- D) Тәуелсіз мемлекеттер
- E) Трансұлттық компаниялар

18. Дамыған және дамушы елдер арасындағы ДСҰ ішіндегі принципіалды келіспеушіліктер:

- A) өнеркәсіп мәселелері
- B) қаржы төлемдері бойынша
- C) «сингапурлық мәселелер»
- D) «азиялық мәселелер»
- E) өндіріс тауарлары нарығына ену
- F) «малайзиялық мәселелер»

19. БҰҰ Бас хатшылары:

- A) Андерс Фог Расмуссен
- B) Жозе Мануэль Баррозу
- C) Йозеф Лунс
- D) У Тан
- E) Пан Ги Мун
- F) Курт Вальдхайм

20. БҰҰ-ның тарихында қақтығысты мәжбірлеу арқылы тоқтатқан аумақтар:

- A) Иран мен Ирак
- B) Косова мен Черногория
- C) Босния мен Герцеговина
- D) Ливан мен Йемен
- E) Сомали мен Руана
- F) Кипр мен Куба
- G) Ауғанстан мен Пәкістан

21. Превентивті дипломатия жүзеге асатын жағдайлар:

- A) Тараптар көмек ұсына алса
- B) Әр тарап соғыс әзірлігіне көше
- C) Тараптар дамыған мемлекеттер болса
- D) 1 жақ келісімге келуден бас тартса
- E) Тараптар кепілдеме ұсына алса
- F) Тараптар артта қалған мемлекеттер болса
- G) Мәмлелерлік саясат болса

22. Дурбан саммитіне «қонақ» немесе бақылаушы статусында қатысқан мемлекеттер:

- A) Италия, Канада, Австралия
- B) Ұлыбритания, АҚШ, Финляндия
- C) Австралия, Нидерланды, Тәжікстан
- D) Италия, Франция, Эстония
- E) Белоруссия, Ресей, Австралия
- F) Қытай, Жапония, Солтүстік Корея

23. АСЕАН шеңберінде Еркін сауда зонасын құру шеңберінде жүзеге асырылған жұмыстар кешені:

- A) Тарифті номенклатура мен кедендік баға келісімдерінің үрдісін тездету шаралары
- B) Заңнамалық жүйелерді реттеу
- C) Сыртқы саяси-экономикалық келісімдер
- D) Достық және ынтымақтастық туралы саяси келісім
- E) Жеңілдік тәртіппен сауда зонасын құру

24. 2010 ж. Астана Декларациясында қауіпсіздікке қатысты қамтылған мәселелер:

- A) ЕҚЫҰ аумағындағы қауіпсіздік
- B) ЕҚЫҰ-ның барлық институттарын бақылау
- C) Ұйымның жұмысын жандандырып, тамырына қан жүгірту
- D) Ұйымның серіктес мемлекеттері мен аймақтық ұйымдарымен бірге жұмыс жасау
- E) Әлемдегі тұрақты даму мен бейбітшілікті сақтауға ықпал жасау
- F) 1975 жылы Хельсинкиде қабылданған қарарларды орындау
- G) Ұйымға мүше-мемлекеттердегі созылмалы теке тірестерді бейбіт шешу мәселелері

25. 2010 ж. Астана Саммитінде Қазақстаннан кейін ЕҚЫҰ-ға төрағалық жасайтын елдер айқындалды:

- A) 2017ж- Қырғыз
- B) 2012 ж- Ирландия
- C) 2016ж-Германия
- D) 2017 ж-Өзбекстан
- E) 2011 ж- Литва
- F) 2013 ж- Украина

**Көпжақты дипломатия
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**